ROTO SILENTA 630 RS



Inhalt des Dokuments / content of the document

Пайдалану нсаулыы (KK)

Роторлар мен керек-жара

Пайдалану нұсқаулығы

ROTO SILENTA 630 RS



Түпнұсқа пайдалану нұсқаулығының аудармасы

©2022 - Барлық құқығы қорғалған

Andreas Hettich GmbH & Co. KG

Föhrenstraße 12

D-78532 Tuttlingen/Deutschland

Телефоны: +49 (0)7461/705-0

Телефакс: +49 (0)7461/705-1125

Эл. пошта: info@hettichlab.com, service@hettichlab.com

Веб-сайт: www.hettichlab.com

Мазмұны

1 Бұл құжат туралы . . . 6
1.1 Осы құжаттың қолданылуы . . . 6
1.2 Жыныс туралы нұсқау . . . 6
1.3 Бұл құжаттағы белгілер мен таңбалама . . . 6
2 Қауіпсіздік . . . 6
2.1 Арнайы қолдану мақсаты . . . 6
2.2 Персоналға қойылатын талаптар . . . 7
2.3 Пайдаланушының жауапкершілігі . . . 8
2.4 Қауіпсіздік техникасының нұсқаулары . . . 8
3 Құрылғыға шолу . . . 11
3.1 Техникалық деректер . . . 11
3.2 Еуропадағы тіркеу . . . 14
3.3 Қаптамадағы маңызды тақтайшалар . . . 15
3.4 Құрылғыдағы маңызды тақтайшалар . . . 15
3.5 Басқару және индикация элементтері . . . 17
3.5.1 Басқару . . . 17
3.5.2 Индикация элементтері . . . 17
3.5.3 Басқару элементтері . . . 18
3.6 Түпнұсқа қосалқы бөлшектер . . . 20
3.7 Жеткізілім жиынтығы . . . 20
3.8 Қайтару . . . 20
4 Тасымалдау және сақтау . . . 21
4.1 Тасымалдау және сақтау шарттары . . . 21
5 Қолданысқа енгізу . . . 22
5.1 Центрифуганы қаптамадан шығару . . . 22
5.2 Центрифуганы орнату және жалғау . . . 23
5.3 Центрифуганы қосу және өшіру . . . 25
6 Басқару . . . 25
6.1 Қақпақты ашу және жабу . . . 25
6.2 Роторды бөлшектеу және құрастыру . . . 26
6.3 Ілмені енгізу және шығару . . . 27
6.4 Адаптерді енгізу және шығару . . . 27
6.5 Тиеу . . . 28
6.6 Биоқауіпсіздік жүйесін ашу және жабу . . . 30
6.6.1 Мағынасы . . . 30
6.6.2 Қыспа жапқышы бар қақпақ . . . 31
6.7 HettLiner қаптау нұсқаулығы . . . 31
6.8 Центрифугалау . . . 33
6.8.1 Үздіксіз жұмыс режимінде центрифугалау . . . 33
6.8.2 Уақытты алдын ала таңдау арқылы центрифугалау . . . 33
6.8.3 Центрифугалау барысында реттеулерді өзгерту . . . 34
6.9 Жылдам тоқтату функциясы . . . 34

7 Бағдарламалық жасақтаманы басқару. 34

7.1 Кілт ажыратқышы. 34

7.2 Центрифугалау параметрлері. 35

7.2.1 Іске қосу және тоқтау параметрлері. 35

7.2.2 Жұмыс уақыты. 35

7.2.3 Айналу жиілігі, RPM. 35

7.2.4 Интегралды RCF. 36

7.2.5 Температура 36

7.2.6 Салыстырмалы центрифугалық үдеу, RCF. 36

7.2.7 Салыстырмалы центрифугалық үдеуді (RCF/RZB) реттеу. . 36

7.2.8 Тығыздығы 1,2 кг/дм^3 шамасынан артық заттектерді немесе заттек қоспаларын центрифугалау. 37

7.2.9 Центрифугалау радиусы. 37

7.3 Бағдарламалау. 37

7.3.1 Бағдарламаны шақыру немесе жүктеу. 37

7.3.2 Бағдарламаны енгізу немесе өзгерту. 37

7.3.3 Автоматты аралық жад. 38

7.4 Роторды анықтау. 38

7.5 Суыту (суыту жүйесі бар центрифугаларда). 38

7.5.1 Суыту жөніндегі нұсқаулар. 38

7.5.2 Күту күйіндегі суыту. 38

7.5.3 Роторды алдын ала суыту. 38

7.6 Жылыту (жылыту жүйесі бар центрифугаларда). 39

7.7 Machine Menu. 39

7.7.1 Жүйе ақпаратын сұрау. 39

7.7.2 Жұмыс сағаттарын сұрау. 40

7.7.3 Дыбыстық сигнал. 40

7.7.3.1 Жалпы ақпарат. 40

7.7.3.2 Дыбыстық сигналды реттеу. 40

7.7.4 Қосқаннан кейін көрсетілетін центрифугалау деректері. . . 40

7.7.5 Күн мен уақытты реттеу. 41

7.8 Бағдарламалар жинақтары. 41

7.8.1 Бағдарламаларды байланыстыру немесе бағдарламалар жинағын өзгерту. 41

7.8.2 Бағдарламалар жинағымен центрифугалау процесі. 42

7.8.3 Бағдарлама жинақтарын жою. 43

8 Тазалау және күтім көрсету. 43

8.1 Шолу кестесі. 43

8.2 Тазалау және зарарсыздандыру бойынша нұсқаулар. 44

8.3 Тазалау. 45

8.4 Зарарсыздандыру. 45

8.5 Техникалық қызмет көрсету. 46

9 **Ақауларды жою** 48
9.1 Ақау сипаттамасы 48
9.2 ЖЕЛІНІ БАСТАПҚЫ КҮЙГЕ ҚАЙТАРУ әрекетін орындау . . . 49
9.3 Апаттық әдіспен құлыптан босату 49
10 **Кәдеге жарату** 50
10.1 Жалпы нұсқаулар 50
11 **Индекс** 52

1 Бұл құжат туралы

1.1 Осы құжаттың қолданылуы

- Құрылғыны алғаш рет қолданысқа енгізбес бұрын осы құжатты толықтай әрі мұқият оқып шығыңыз.
  Бар болса, берілген басқа да ақпараттық парақшаларға назар аударыңыз.
- Бұл құжат құрылғының ажырамас бөлігі болып есептеледі және қолжетімді жерде сақталуы керек.
- Бұл құжатты құрылғыны үшінші тарапқа табыс еткен кезде бірге беріңіз.
- Құжаттың қолжетімді тілдердегі ағымдағы нұсқасы өндірушінің веб-сайтында қолжетімді: ➦ *https://www.hettichlab.com/de/download-center/*

1.2 Жыныс туралы нұсқау

Пайдаланылатын аталық немесе аналық тек оқуды жеңілдету үшін қолданылады. Теңдік тұрғысынан тиісті терминдер барлық жынысқа қолданылады және қандай да бір бағалауды білдірмейді.

1.3 Бұл құжаттағы белгілер мен таңбаламалар

Жалпы белгілер

Бұл құжатта нұсқаулар, нәтижелер, тізімдер, сілтемелер мен басқа элементтерді бөлектеу үшін төмендегі таңбаламалар қолданылады:

Таңбалама	Мағынасы
1. 2. 3. ...	Қадамдық нұсқаулар
➡	Қадамдардың нәтижелері
➦	Құжаттың тарауларына және басқа қолданылатын құжаттарға сілтемелер
■ ... ■ ...	Еркін реттіліктегі тізімдер
[Түйме]	Басқару элементтері (мысалы: түйме, қосқыш)
„Индикация“	Индикация элементтері (мысалы: сигналдық шамдар, экрандық элементтер)

2 Қауіпсіздік

2.1 Арнайы қолдану мақсаты

Арнайы қолдану мақсаты

Бұл құрылғы медициналық қолдану үшін жарамды зертханалық центрифуга болып табылады.

Оның жалғыз терапиялық мақсаты қан қабы жүйелерінде қанды центрифугалау болып табылады. Бөлінген қан компоненттері басқа құрылғыдан (бөлгіш) тиісті сателитті контейнерлерге тасымалданады. Осы жолмен алынған жеке компоненттер кейін қан құю немесе өз қанын құю үшін пайдаланылады.

Центрифуганы қан құю қызмет орындарында немесе ауруханаларда білікті қызметкерлер ғана пайдалана алады.

Центрифуга тек жоғарыда аталған мақсаттарда ғана қолдануға арналған.

Кез келген басқа жолмен немесе осы шеңберден тыс пайдалану мақсатынан тыс болып есептеледі. Andreas Hettich GmbH & Co. KG компаниясы пайда болатын залал үшін жауапты емес.

Мақсаты бойынша пайдалану, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы барлық нұсқаулардың орындалуын және тексеру және техникалық қызмет көрсету аралықтарының сақталуын қамтиды.

Белгіленбеген қолдану мақсаты

- Центрифуга жарылғыш, радиоактивті, биологиялық немесе химиялық тұрғыдан ластанған орталарда пайдалануға жарамайды.
- Улағыш, радиоактивті немесе патогенді микроағзалармен зақымдалған қауіпті заттектерді немесе заттектердің қоспаларын центрифугалау кезінде пайдаланушы тиісті шаралар қолдануы керек.

  Өндіруші центрифугалау түтікшелерін қауіпті заттектерге арналған бұрандалы қақпақтармен ғана пайдалануға кеңес береді.

  3-ші және 4-ші қауіп-қатер тобына жататын материалдар үшін жабылатын центрифугалау түтікшелерін биоқауіпсіздік жүйесімен бірге пайдаланыңыз.
- Өндіруші тұтанғыш немесе жарылғыш материалдармен центрифугалауды орындамауға кеңес береді.
- Өндіруші бір-бірімен жоғары энергиямен химиялық реакцияға түсетін материалдармен центрифугалауды орындамауға кеңес береді.

Болжауға болатын қате қолданыс

Қолдану мақсатының аясында өндіруші тек мақұлданған керек-жарақтарды пайдалануға кеңес береді.

Центрифуганы тек біреудің бақылауында пайдаланыңыз.

2.2 Персоналға қойылатын талаптар

Қажетті біліктілік

Пайдаланушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты толықтай оқып, құрылғымен танысып шықты.

НҰСҚАУ

Құрылғыда өкілетсіз персоналдан пайда болған зақымдар

- Құрылғыларға өкілетсіз тұлғалардың араласуы және өзгерістер енгізуі нар тәуекел деп жүзеге асырылады және кепілдік пен жауапкершілік бойынша барлық талаптардың өз күшінен айырылуына әкеледі.

Білікті пайдаланушы

Пайдаланушы зертхана саласында білім алған немесе дайындықтан өткен және оған тағайындалған жұмысты орындауға, сондай-ақ ықтимал қауіп-қатерді өз бетінше анықтауға және оның алдын алуға қабілетті.

Жеке қорғаныс жабдығы

Жеке қорғаныс жабдығының жоқтығы немесе жарамсыз болуы денсаулыққа зиянды келтіру және жарақат алу қаупін арттырады.

- Тек қалыпты күйдегі жеке қорғаныс жабдығын пайдаланыңыз.
- Тек тұлғаға сәйкес келетін (мысалы, бойы) жеке қорғаныс жабдығын пайдаланыңыз.
- Белгілі бір әрекеттерге арналған қосымша қорғаныс жабдығын туралы нұсқауларды ескеріңіз.

2.3 Пайдаланушының жауапкершілігі

Құрылғыны тиісінше және қауіпсіз пайдалану үшін осы құжаттағы нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Ақпаратты дайындау

- Осы құжаттағы нұсқаулардың орындалуы келесідей көмектеседі:
  - қауіпті жағдайлардың алдын алуға.
  - жөндеу шығынын және жұмыссыз тұру уақытын азайтуға.
  - құрылғының сенімділігі мен қызмет ету мерзімін арттыруға.
- Пайдаланушы кәсіпорын ережелері мен стандарттарын және ұлттық заңдарды сақтау үшін жауапты.
- Құжат редакциясын одан бөлек жазып алыңыз да, сақтап қойыңыз. Құжатты жоғалтқан жағдайда дұрыс редакцияда алмастыруға болады.
- Пайдаланушы жөніндегі нұсқаулықты құрылғы пайдаланылатын жерде қолдетімді ұстаңыз.
- Құрылғыны сатқан жағдайда пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сатып алушыға табыстаңыз.

Персоналға нұсқау беру

Құрылғымен жұмыс істеген кезде білімнің жеткіліксіз болуы адамдардың ауыр немесе қазалы жарақат алуына әкелуі мүмкін.

- Персоналды нұсқауларға сәйкес олардың тапсырмалары және осыған байланысты қауіп-қатер жөнінде нұсқау беріңіз.

2.4 Қауіпсіздік техникасының нұсқаулары

Елеулі және тіркелуге тиіс оқиғалар туралы хабарлар

Құрылғымен немесе оның керек-жарағымен елеулі немесе тіркелуге тиіс оқиғалар орын алған жағдайда, бұл оқиғалар туралы өндірушіге және қажет болса, пайдаланушы және/немесе пациент жұмыс істейтін уәкілетті органдарға хабарлау керек.



ҚАУІП

Жеткіліксіз тазалау немесе тазалау ережелерін сақтамау салдарынан пайдаланушы үшін жұқтыру қаупі бар.

- Тазалау ережелерін сақтаңыз.
- Құрылғыны тазалау кезінде жеке қорғаныс жабдығын тағып жүріңіз.
- Биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде зертхана ережелерін (мысалы, биологиялық жұмыс заттектері бойынша техникалық ережелер (TRBA), эпидемиологиялық қорғаныс туралы заң (IfSG), санитарлық шаралар жоспары) сақтаңыз.



ҚАУІП

Сынамалардағы қауіпті заттектерден өрт және жарылыс қаупі бар.

- Химиялық заттармен және қауіпті заттектермен жұмыс істеу бойынша тиісті ережелер мен директиваларды сақтаңыз.
- Агрессивті химиялық заттарды пайдаланбаңыз (мысалы, хлороформ, қатты қышқылдар сияқты қауіпті, тот басқыш экстрагенттер).



ЕСКЕРТУ

Жеткіліксіз немесе дер кезінде орындалмаған техникалық қызмет көрсетуден туындайтын қауіптер.

- Техникалық қызмет көрсету аралықтарын сақтаңыз.
- Құрылғыда көрінетін зақымдардың немесе кемістіктердің бар-жоғын тексеріп шығыңыз.

  Зақымдар немесе кемістіктер көрінген жағдайда, құрылғыны қолданыстан шығарып, сервистік маманға хабарлаңыз.



ЕСКЕРТУ

Судың немесе басқа сұйықтықтардың кіруінен ток соғу қаупі бар.

- Құрылғыны сырттай сұйықтықтардан қорғаңыз.
- Құрылғы ішіне ешқандай сұйықтықтар құймаңыз.
- Тасымалдау үшін түпнұсқа қаптаманы қолданыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

Қауіпті заттектермен және заттек қоспаларымен ластану!

Улағыш, радиоактивті және/немесе патогенді микроағзалармен ластанған заттектер және заттек қоспалары үшін төмендегі шараларды орындаңыз:

- Негізінен қауіпті заттектер үшін тек арнайы бұрандалы қақпақтары бар центрифугалау түтікшелерін пайдаланыңыз.
- 3-ші және 4-ші қауіп-қатер тобына жататын материалдар үшін жабылатын центрифугалау түтікшелерін биоқауіпсіздік жүйесімен бірге пайдаланыңыз.
- Биоқауіпсіздік жүйесі пайдаланылмаған жағдайда, құрылғы EN / IEC 61010-2-020 стандарты бойынша микробиологиялық тұрғыдан саңылаусыз болып есептелмейді.
- Қажет болса, өндірушіге хабарласыңыз.



ЕСКЕРТУ

Бекітілмеген ротордан жарақат алу және құрылғыға зақым келтіру қаупі бар.

- Роторды монтаждау кезінде ротор білігінің істігі ротор ойығына дұрыс орнатылып тұруы керек.
- Роторды бекітуге арналған сомынды қолмен берік тартыңыз.
- Ротордың берік бекітілгенін тексеріңіз.
- Техникалық қызмет көрсету аралықтарын сақтаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ

Айналып тұрған ротордан жарақат алу қаупі бар.

Ротор қолмен жылжытылған жағдайда, ұзын шаш пен киім бұйымдары роторға қармалық қалуы мүмкін.

- Ұзын шашты жинап қойыңыз.
- Киім бұйымдарын айналдыру камерасында ілінген күйде қалдырмаңыз



НҰСҚАУ

Құрылғының сақтандырғыш ажыратқышындағыв қате кернеу немесе жиілік салдарынан құрылғы электроникасындағы зақымдар.

- Құрылғыны дұрыс желілік кернеумен және желілік жиілікпен қолданыңыз.

  Мәні техникалық деректерден және фирмалық тақтайшадан қарауға болады.

НҰСҚАУ

Бағдарламаның мерзімінен бұрын үзілуіне байланысты құрылғыдағы және сынамалардағы зақымдар.

Бағдарламаның мерзімінен бұрын үзілуіне электр қуатының үзілуі, құрылғыны бағдарламаның орындалу барысында өшіру немесе желілік ашаны суырып шығару себепкер болады.

- Құрылғыны бағдарламаның орындалу барысында өшірмеңіз.
- Құрылғыны бағдарламаның орындалу барысында апаттық әдіспен құлыптан босатпаңыз.
- Бағдарламаның орындалу барысында желілік ашаны суырып шығармаңыз.

3 Құрылғыға шолу


3.1 Техникалық деректер

Өндіруші	Andreas Hettich GmbH & Co. KG, D-78532 Tuttlingen		
Үлгісі	ROTO SILENTA 630 RS		
Түрі	5005, 5005-50	5005-80	5005-90
Желілік кернеу (±10%)	400 В 3~ +N		
Желілік жиілік	50-60 Гц		
Орнатылған қуат	9700 ВА	9400 ВА	6600 ВА
Тұтынылатын ток	14 А	13,5 А	9,5 А
Тоңазытқыш агент	R452A		
Макс. сыйымдылық	12000 мл		
Макс. рұқсат етілген тығыздық	1,2 кг/дм³		
Макс. айналу жиілігі (RPM)	6000		
Макс. үдеу (RCF)	6520		
Макс. кинетикалық энергия	215000 Нм		
Сынақ қажеттілігі (DGUV 100-500 ережелері) (тек Германияда қолданылады)	иә		
Қоршаған орта шарттары (EN / IEC 61010-1):			

Орнату орны	тек бөлме ішінде		
Биіктігі	теңіз деңгейінен ең көбі 2000 м жоғары		
Қоршаған орта температурасы	5 °C және 40 °C аралығында		
Ауа ылғалдылығы	ең көбі 31 °C температурасындағы максималды салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80 %, 40 °C температурасында 50 % салыстырмалы ауа ылғалдылығына дейін сызық бойынша азаяды.		
Артық кернеу санаты (IEC 60364-4-443)	II		
Ластану дәрежесі	2		
Құрылғының қорғаныс класы	I жарылыс қаупі бар ортада пайдалану үшін жарамсыз.		
ЭМҮ:			
Кедергі шығарылуы, Кедергілерге төзімділігі	EN / IEC 61326-1 B класы		
Шуыл деңгейі (роторға байланысты)	≤62 дБ(A)		≤56 дБ(A)
Өлшемдері:			
Ені	813 мм		
Қалыңдығы	1015 мм	1050 мм	
Биіктігі	973 мм		
Салмағы	шам. 355 кг	шам. 367 кг	шам. 306 кг
Өндіруші	Andreas Hettich GmbH & Co. KG, D-78532 Tuttlingen		
Үлгісі	ROTO SILENTA 630 RS		
Түрі	5005-08		
Желілік кернеу (±10%)	208-220 В +6/-10% 3~ (+N) +PE		
Желілік жиілік	50-60 Гц		
Орнатылған қуат	9000 ВА		
Тұтынылатын ток	25 А		
Тоңазытқыш агент	R452A		
Макс. сыйымдылық	12000 мл		

Макс. рұқсат етілген тығыздық	1,2 кг/дм³
Макс. айналу жиілігі (RPM)	6000
Макс. үдеу (RCF)	6498
Макс. кинетикалық энергия	215000 Нм
Сынақ қажеттілігі (DGUV 100-500 ережелері) (тек Германияда қолданылады)	иә
Қоршаған орта шарттары (EN / IEC 61010-1):	
Орнату орны	тек бөлме ішінде
Биіктігі	теңіз деңгейінен ең көбі 2000 м жоғары
Қоршаған орта температурасы	5 °C және 30 °C аралығында
Ауа ылғалдылығы	ең көбі 31 °C температурасындағы максималды салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80 %, 40 °C температурасында 50 % салыстырмалы ауа ылғалдылығына дейін сызық бойынша азаяды.
Артық кернеу санаты (IEC 60364-4-443)	II
Ластану дәрежесі	2
Құрылғының қорғаныс класы	I жарылыс қаупі бар ортада пайдалану үшін жарамсыз.
ЭМҮ:	
Кедергі шығарылуы, Кедергілерге төзімділігі	EN / IEC 61326-1 B класы
Шуыл деңгейі (роторға байланысты)	≤62 дБ(A)
Өлшемдері:	
Ені	813 мм
Қалыңдығы	1015 мм
Биіктігі	973 мм
Салмағы	шам. 401 кг

Фирмалық тақтайша



Сур. 1: Фирмалық тақтайша

1 Артикул нөмірі
2 Сериялық нөмір
3 Редакция
4 Жабдық нөмірі
5 Дерек матрицасының коды
6 ықтимал медициналық өнім немесе in vitro диагностикасының таңбаламасы
7 Global Trade Item Number (GTIN)
8 Өндірілген күні
9 Сериялық нөмір
10 ықтимал EAC белгісі, CE белгісі
11 Өндірілген елі
12 Өндірілген күні
13 Желілік жиілік
14 Максималды кинетикалық энергия
15 Максималды рұқсат етілген тығыздық
16 Өндіруші мекенжайы
17 ықтимал тоңазытқыш агент контурының қысымы
18 ықтимал тоңазытқыш агент құю мөлшері
19 ықтимал тоңазытқыш агент түрі
20 Бір минуттағы айналымдар саны
21 Қуат мәндері
22 Желілік кернеу
23 ықтимал құрылғы атауы
24 Өндіруші логотипі

3.2 Еуропадағы тіркеу

Құрылғы сәйкестігі

Құрылғының ЕО директиваларына сәйкестігі.

Уәкілетті орган:

mdc medical device certification GmbH – Notified Body CE 0483

Тел.: +49 (0)711 253597 0

Факс: +49 (0)711 258597 10

Эл. пошта: mdc@mdc-ce.de

Веб-сайт: www.mdc-ce.de

Мекенжайы: Kriegerstraße 6, D-70191 Stuttgart; Германия


Бірыңғай тіркеу нөмірі

SRN: DE-MF-000010680

Basic-UDI-DI


Basic-UDI-DI	Құрылғылардың тағайындалуы
040506740100019J	ROTO SILENTA 630 RS (медициналық өнім)

3.3 Қаптамадағы маңызды тақтайшалар



ЖОҒАРЫ

Бұл – тасымалдау және/немесе сақтау үшін тасымалдау қаптамасының дұрыс тік күйі.




СЫНҒЫШ БҰЙЫМ

Осы тасымалдау қаптамасының ішіндегі бұйым сынғыш, сондықтан оны абайлап ұстау керек.



ЫЛҒАЛДАН ҚОРҒАҢЫЗ

Тасымалдау қаптамасын жаңбырдан алшақ ұстау және құрғақ ортада сақтау керек.



ТЕМПЕРАТУРА ШЕКТЕУІ

Қаптаманы көрсетілген температуралар диапазонында (-20 °C және +60 °C аралығында) сақтау, тасымалдау және ұстау керек.



АУА ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫНЫҢ ШЕКТЕУІ

Қаптаманы ауа ылғалдылығының көрсетілген диапазонында (10 % және 80 % аралығында) сақтау, тасымалдау және ұстау керек.



ДАНА САНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕСТЕЛЕУ ШЕКТЕУІ

Бірінің үстіне бірі қоюға болатын бірдей қаптама бірліктерінің ең үлкен саны, мұндағы «n» — қаптамалардың рұқсат етілген саны. Ең астыңғы қаптама бірлігі «n» санына кірмейді.

3.4 Құрылғыдағы маңызды тақтайшалар



Құрылғыдағы тақтайшаларды алып тастауға, үстіне бірдеңе жапсыруға немесе үстінен жабуға тыйым салынады.



Назар аударыңыз, жалпы қауіпті орын.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын міндетті түрде қолданысқа енгізу және басқару жөніндегі нұсқауларды оқып шығыңыз және қауіпсіздікке қатысты нұсқауларды ескеріңіз!



Биологиялық қауіп туралы ескерту.



Ыстық бет туралы ескерту.

Бұл нұсқаулардың орындалмауы мүлікке залал келтіруге және жарақат алуға әкелуі мүмкін.



Ротордың айналу бағыты.

Көрсеткі бағыты ротордың айналу бағытын білдіреді.



2012/19/EU (WEEE) директивасына сәйкес электрлік және электрондық құрылғыларды бөлек жинау белгісі.

Еуропа Одағының елдерінде, Норвегия мен Швейцарияда пайдалану.



Кілт ажыратқыштарының қосу күйлері.



Центрифуга оптикалық интерфейспен жабдықталған.

Оптикалық интерфейс белгімен таңбаланған.


Интерфейс центрифуганы басқаруға және деректерді сұрауға мүмкіндік береді. *[PROG]* түймесі дерек байланысының барысында жанып тұрады.



Эквипотенциал: Потенциалдарды теңестіруге арналған штепсельдік жалғағыш (PA штекері) (тек PA штекері бар центрифугаларда).

3.5 Басқару және индикация элементтері

3.5.1 Басқару



Сур. 2: Басқару

3.5.2 Индикация элементтері



Сур. 3: [Қақпақ] түймесі

- Қақпақ жабық болғанда, түйме жанып тұрады.



Сур. 4: „Қақпақ жабық“ индикаторы

- Қақпақ жабық болғанда, индикатор жанады.



Сур. 5: „Қақпақ ашық“ индикаторы

- Қақпақ ашық болғанда, индикатор жанады.

LOCK 1, LOCK 2

Сур. 6: [Кіл ажыратқышының күйі] индикаторы

- Кілт ажыратқышы осы қосу күйінде болғанда, индикатор жанады.

LOCK 4, LOCK 5

Сур. 7: [Кіл ажыратқышының күйі] индикаторы

- Бірізді байланыс кезінде (тек бірізді байланысы бар центрифигуларда) бағдарлама бұғаттамасы іске қосылған кезде, индикатор жанады.

PC, ~~PC~~

Сур. 8: [Бірізді байланыс] индикаторы

- Центрифугада бірізді интерфейс бар болған және центрифуга қосылған немесе қосылмаған кезде, индикатор жанады.



Сур. 9: „Айналу“ индикаторы

- Ротор айналған кезде, индикатор пайда болады.



Сур. 10: [STOP] индикаторы

- Индикатор, ротор айналып тұрғанша, центрифугалау барысында жанып тұрады.
  Апаттық әдіспен тоқтатқаннан кейін, индикатор жыпылықтайды.
- Индикатор апаттық әдіспен тоқтатқаннан кейін жыпылықтайды.

3.5.3 Басқару элементтері




Сур. 11: [Айналмалы тұтқа]

- Бөлек параметрлерді реттеу.
  Сағат тілінің бағытына қарсы бұрылса, мән азаяды.
  Сағат тілінің бағытымен бұрылса, мән артады.




Сур. 12: [Желі ажыратқышы]

- Құрылғыны қосу және өшіру.



Сур. 13: [Кілт ажыратқышы]

- Кілт ажыратқышы күйіне байланысты әртүрлі функцияларды қосып өшіреді.



Сур. 14: [Температура және центрифугалау радиусы] түймесі

- Температураның белгіленген мәні, T/°C параметрі
  -20°C және +40°C аралығында 1°C қадам бойынша реттеуге болады (жылыту/суыту опциясы үшін -20°C және +90°C аралығында реттеуге болады).
  Қол жеткізуге болатын ең төмен температура роторға байланысты.
- Центрифугалау радиусы
  r/mm параметрі. мм бойынша енгізіледі.



Сур. 15: [Іске қосу параметрлері] түймесі

- Іске қосу деңгейлерінің параметрлері
  9-деңгей = ең қысқа іске қосу уақыты, 1-деңгей = ең ұзақ іске қосу уақыты.
- Іске қосу уақытының параметрлері
  Реттелмелі уақыт диапазоны реттелген айналу жиілігіне байланысты.



Сур. 16: [Тоқтау параметрлері] түймесі

- Тежеу деңгейлері, параметрлер
  R = сызықтық тежеу сипаты,
  B = экспоненттік тежеу сипатына ұқсас.
  R9, B9 деңгейі = қысқа тоқтау уақыты, ...
  R1, B1 деңгейі = ұзақ тоқтау уақыты,
  R0 деңгейі = тежеусіз тоқтау.
- Тоқтау уақыты, параметрлер
  Реттелмелі уақыт диапазоны реттелген айналу жиілігіне байланысты.
- Тежегішті өшірудің айналу жиілігі, n(•) /RPM параметрі
  Бұл айналу жиілігіне жеткеннен кейін, тежеусіз тоқтау орын алады.




Сур. 17: [Қақпақ] түймесі

- Қақпақты ашу.



Сур. 18: [∫RCF] түймесі

- Интегралды RCF мәнін шақыру, ∫RCF параметрі



Сур. 19: [n] түймесі

- Айналу жиілігі, RPM параметрі.
  50 RPM мәнінен ротордың максималды айналу жиілігіне (n-max-Rotor) дейін реттеуге болады.
- Ротордың максималды айналу жиілігін шақыру, n-max-Rotor параметрі



Сур. 20: [PROG] түймесі

- Бағдарлама слотын таңдау, PROG-Nr. параметрі



Сур. 21: [RCF] түймесі

- Салыстырмалы центрифугалық үдеу, RCF/RZB параметрі
  50 RPM және ротордың макс. айналу жиілігі (n-max-Rotor) аралығындағы айналу жиілігін тудыратын сандық мәнді реттеуге болады. 1 мәндік қадам бойынша реттеуге болады.
- Ротордың максималды RCF мәнін шақыру, RCF-max-Rotor параметрі.



Сур. 22: [RCL] түймесі

- Бағдарламаларды шақыру.



Сур. 23: [START] түймесі

- Центрифугалау процесін іске қосу.
- Центрифугалау процесінің барысында өзгерістерді қабылдау.



Сур. 24: [STO] түймесі

- Бағдарламаларды сақтау. 89 бағдарламаны сақтап қоюға болады (1 - 89 бағдарлама слоттары).
  «----» және 90 - 99 бағдарлама слоттары автоматты аралық жад ретінде қолданылады.
  Осы бағдарлама слоттарында бағдарламаларды сақтау мүмкін емес.



Сур. 25: [STOP] түймесі

- Центрифугалау процесін аяқтау.
  Ротор алдын ала таңдалған тежеу деңгейінде тоқтайды.



Сур. 26: [t] түймесі

- Жұмыс уақыты, t/min:sec параметрі
  t/min параметрі: 1 - 999 мин аралығында 1 минуттық қадам бойынша реттеуге болады.
  t/sec параметрі: 1 - 59 секунд аралығында 1 секундтық қадам бойынша реттеуге болады.
  Үздіксіз жұмыс режимі «---:--»

3.6 Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

Өндірушінің түпнұсқа қосалқы бөлшектерін және рұқсат етілген керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.

3.7 Жеткізілім жиынтығы

Төмендегі керек-жарақ центрифугамен бірге жеткізіледі:

- Тіреуіш шетмойынға арналған 1 жағармай
- 1 ашық ауызды кілт (SW17 және SW19)
- 1 алты қырлы штифтік кілт (SW5 x 170)
- 10 қорғаныш қалпақша ∅12

- 3 ағаш бұрандасы
- 3 шайба
- 2 металл шина
- 4 кең бастиекті шеге
- 1 пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- Қаптаманы алып тастау бойынша 1 ақпараттық парақша
- Орнату бойынша 1 ақпараттық парақша
- S басқару блогына арналған 3 бағдарлама деректерінің парағы

5005-08, 5005-80, 5005-90 түрлері үшін қосымша:

- Орнату және монтаждау бойынша 1 нұсқаулық

Германиядағы жеткізілім кезіндегі қосымша:

- 1 сынақ журналы

Роторлар мен тиісті керек-жарақтар тапсырыс бойынша жеткізіледі.

3.8 Қайтару

Қайтару үшін әрдайым өндірушінің түпнұсқа қайтару формулярын (ҚФ) сұрау қажет. Өндірушінің түпнұсқа қайтару формулярынсыз тауарды қауіпсіз қабылдау және өндірушіде тіркеу мүмкін болмайды. Қайтару формуляры (ҚФ) толық толтырылған күйде қайтарымға қосылуы керек қарсылық жоқтығы туралы мәлімдемені (ҚЖМ) қамтиды.

Егер құрылғы және/немесе керек-жарақ өндірушіге қайтарылса, қайтарушы бүкіл қайтарымды тазалап шығуы және зарарсыздандыруы керек. Егер қайтарымдар мүлдем немесе жеткілікті тазаланбаған және/немесе зарарсыздандырылмаған болса, бұл әрекеттер өндіруші тарапынан орындалып, жіберушінің есебіне жазылады.

Қайтару үшін түпнұсқа тасымалдау бекіткіштерін бекіту керек, қараңыз: ➥ *Тарау 4 „Тасымалдау және сақтау“ мына бетте 21.* Құрылғыны түпнұсқа қаптамасында жіберу керек.

4 Тасымалдау және сақтау

4.1 Тасымалдау және сақтау шарттары

Тасымалдау шарттары

НҰСҚАУ

Тасымалдау бекіткіштерін пайдаланбау салдарынан құрылғының зақымдалуы.

- Тасымалдау бекіткіштерін құрылғыны тасымалдау алдында бекітіңіз.

НҰСҚАУ

Құрылғының конденсаттан зақымдалуы.

Температура суықтан жылыға дейін өзгерген жағдайда, электртехникалық құрамдас бөлшектерде конденсат пайда болуы мүмкін. Пайда болатын конденсат қысқа тұйықталуға немесе электрониканың бұзылуына әкелуі мүмкін.

- Құрылғыны желіге жалғамас бұрын кемінде 3 сағат ішінде жылы бөлмеде жылытыңыз.

  немесе

- 30 минут ішінде суық бөлмеде жылытыңыз.

- Тасымалдау алдында тасымалдау бекіткішін бекітіңіз және құрылғыны желілік розеткадан ажыратыңыз.
- Тасымалдау температурасы -20 °C және +60 °C аралығында болуы керек.
- Ауа ылғалдылығы конденсат тудырмауы керек. Ауа ылғалдылығы 10 % және 80 % аралығын құрауы керек.
- Құрылғы салмағын ескеріңіз.
- Тасымалдау көмекші құралымен (мысалы, арбаша) тасымалдаған кезде, тасымалдау көмекші құралы кемінде 1,6 еселенген құрылғының тасымалдау салмағын көтеруге қабілетті болуы керек.
- Құрылғыны тасымалдау барысында аударылудан және құлаудан қорғаңыз.
- Құрылғыны еш жағдайда бүйірінде немесе төңкеріп тасымалдамаңыз.

Сақтау шарттары

- Құрылғыны түпнұсқа қаптамасында сақтау керек.
- Құрылғыны құрғақ үй-жай ішінде сақтаңыз.
- Сақтау температурасы -20 °C және +60 °C аралығында болуы керек.
- Ауа ылғалдылығы конденсат тудырмауы керек. Ауа ылғалдылығы 10 % және 80 % аралығын құрауы керек.

5 Қолданысқа енгізу

5.1 Центрифуганы қаптамадан шығару

САҚ БОЛЫҢЫЗ

Тасымалдау орауышынан бөлшектердің құлауынан қысылып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны қаптамадан шығару кезінде тепе-тең ұстаңыз.
- Қаптаманы тек арнайы жерлерінен ашыңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

Ауыр жүк көтеруден жарақат алу қаупі бар.

- Көмекшілердің қажетті санын қамтамасыз етіңіз.
- Салмақты ескеріңіз. Қараңыз: ➦ *Тарау 3.1 „Техникалық деректер“ мына бетте 11.*


НҰСҚАУ

Дұрыс көтермеу салдарынан құрылғының зақымдалуы.

- Центрифуганы басқару блогынан немесе басқару блогының ұстағышынан ұстап көтермеңіз.

Персонал:

- Білікті пайдаланушы



Сур. 27: Қаптамадан шығару

1 Жазықтық
2 Құрылғы аяқтары
3 Металл шина
4 Ағаш білеу

1. Қаптаманы алып тастаңыз.
2. Ағаш білеуді (*4*) алып тастаңыз.
3. Металл шиналардың (*3*) әрқайсысын екі шегемен ағаш түпқоймаға бекітіңіз.
4. Ағаш білеуді (*4*) тіреу үшін металл шиналардың (*3*) астына жылжытып қойыңыз.
5. Ашық ауызды кілтті (өлшемі 10 мм) жазықтықтарға (*1*) орнатып, құрылғы аяқтарын (*2*) барынша жоғары айналдырыңыз.
6. Центрифуганы металл шиналар (*3*) арқылы абайлап ағаш түпқоймадан төмен домалатыңыз.

7. Центрифуганы өзінің орнату орнына жылжытыңыз.
8. Ашық ауызды кілтті (өлшемі 10 мм) жазықтықтарға (*1*) орнатып, құрылғы аяқтарын (*2*), бағыттауыш роликтер жерге мүлде тимей тұрғанша, төмен айналдырыңыз.
9. Құрылғы аяқтарын (*2*) айналдыру арқылы центрифуганы көлденеңінен туралаңыз.

5.2 Центрифуганы орнату және жалғау

Центрифуганы орнату

ЕСКЕРТУ

Центрифугадан тым аз арақашықтық салдарынан жарақат алу қаупі бар.

- Центрифугалау процесінің барысында EN / IEC 61010-2-020 стандартына сәйкес центрифугадан **300 мм** қашықтықтағы қауіпсіз аймақта ешқандай адамдар, қауіпті заттектер мен бөгде заттар болмауы керек.
- Центрифуганың желдету ойықтары мен желдету саңылауларынан **300 мм** арақашықтық та сақталуы керек.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

Позицияның дірілге байланысты өзгеруінен құлау себебінен қысылу және құрылғыға зақым келтіру қаупі бар.

- Құрылғыны тұрақты әрі тегіс бетке қойыңыз.
- Орнату бетін құрылғының салмағына сәйкес таңдаңыз.

НҰСҚАУ

Максималды немесе минималды рұқсат етілген қоршаған орта температурасынан асырудан сынамалардың және құрылғының зақымдалуы.

- Құрылғыны орнату үшін максималды мен минималды рұқсат етілген қоршаған орта температурасын ескеріңіз.
- Құрылғыны жылу көзінің жанында орнатпаңыз.
- Құрылғыға тікелей күн сәулелерінің тиюіне жол бермеңіз.
- Құрылғыға суық тигізбеңіз.

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

1. Құрылғыны тұрақты әрі тегіс бетке қойыңыз.
2. Құрылғыдан 300 мм арақашықтық сақтаңыз.
3. Техникалық деректердегі (➥ *Тарау 3.1 „Техникалық деректер“мына бетте 11*) қоршаған орта шарттарын ескеріңіз.

Центрифуганы жалғау

НҰСҚАУ

Құрылғыда өкілетсіз персоналдан пайда болған зақымдар

- Құрылғыларға өкілетсіз тұлғалардың араласуы және өзгерістер енгізуі нар тәуекел деп жүзеге асырылады және кепілдік пен жауапкершілік бойынша барлық талаптардың өз күшінен айырылуына әкеледі.

НҰСҚАУ

Құрылғының конденсаттан зақымдалуы.

Температура суықтан жылыға дейін өзгерген жағдайда, электртехникалық құрамдас бөлшектерде конденсат пайда болуы мүмкін. Пайда болатын конденсат қысқа тұйықталуға немесе электрониканың бұзылуына әкелуі мүмкін.

- Құрылғыны желіге жалғамас бұрын кемінде 3 сағат ішінде жылы бөлмеде жылытыңыз.

  немесе

- 30 минут ішінде суық бөлмеде жылытыңыз.

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

1. 5005-90 және 5005-08 түрлері тікелей басқарылатын құрылғылар болып табылады.

   Тікелей басқарылатын құрылғылар жағдайында зертханалық құрылғылар бойынша EN / IEC 61010-1 стандартына сәйкес құрылғының желілік қуат көзін ажырату үшін ғимарат жүйесіне ажыратқыш орнатылуы тиіс.

   Ажыратқыш құрылғының жанында орналасуы, пайдаланушы үшін оңай қолжетімді және осы құрылғыда ажыратқыш құрылғы ретінде таңбалануы тиіс.

   Ажыратқыш қайта іске қосылудан қорғалуы тиіс.

2. Егер құрылғы ғимарат жүйесінде автоматты ажыратқышпен қосымша қорғалған болса, B түріндегі автоматты ажыратқыш пайдаланылуы тиіс.

   Басқа түрі пайдаланылған жағдайда, автоматты ажыратқыш, құрылғыда ақау орын алғанда, оны өшірмеуі мүмкін немесе құрылғыда ешқандай ақау орын алмаса да, оны өшіруі мүмкін.

3. 5005-08, 5005-80 және 5005-90 түрлерін орнату және монтаждау бойынша нұсқауларға (AH5005-02) сәйкес жалғау қажет.

4. PA штекері бар центрифуга:

   Қажет болса, құрылғының артқы жағындағы PA штекерін қосымша медициналық потенциалдарды теңестіру жүйесімен байланыстырыңыз.

5. Желілік кернеу фирмалық тақтайшадағы мәліметтерге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

6. 5005, 5005-50 және 5005-80 түрлері үшін:

   Құрылғыны желілік кабель арқылы стандартты желілік розеткаға жалғаңыз.

5.3 Центрифуганы қосу және өшіру

Центрифуганы қосу

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

Желі ажыратқышын ажыратқыш күйіне *[I]* келтіріңіз.

➡ Центрифуга түріне байланысты түймелер жыпылықтайды.

Центрифуга түріне байланысты мынадай индикаторлар бірінен кейін бірі пайда болады:

- центрифуга үлгісі
- роторды анықтау функциясы арқылы соңғы анықталған ротор коды және ротордың максималды айналу жиілігі
- бағдарлама нұсқасы
- Қақпақ жабық болған кезде: *„OPEN OEFFNEN“* индикаторы
- Қақпақ ашық болған кезде: соңғы пайдаланылған бағдарламаның немесе 1-бағдарламаның центрифугалау деректері.

Қосқаннан кейінгі центрифугалау деректерінің дереу индикациясы

1. Желі ажыратқышын ажыратқыш күйіне *[I]* келтіріңіз.
2. Индикациядағы (кері индикация) алғашқы оптикалық өзгеріс жағдайында кез келген түймені (*[STOP]* түймесінен басқа) басыңыз.

➡ Центрифугалау деректері көрсетіледі.

Центрифуганы өшіру

Ротор қозғалыссыз тұр.

Желі ажыратқышын ажыратқыш күйіне *[0]* келтіріңіз.

6 Басқару

6.1 Қақпақты ашу және жабу

Қақпақты ашу

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

Центрифуга қосылған.

Ротор қозғалыссыз тұр.

[Қақпақ] түймесін басыңыз.

➡ Қақпақ құлпы қозғалтқыш арқылы ашылады.

[Қақпақ] түймесінің жануы сөнеді.

„Қақпақ ашық“ индикаторы пайда болады.

Қақпақты жабу



САҚ БОЛЫҢЫЗ

Қақпақты жабу кезінде қысылып қалу қаупі туындайды.

Қақпақтың құлып қозғалтқышы бағытына қарсы тартылған кезде, саусақты қысып алу қаупі туындайды.

- Қақпақты жабу кезінде, дене мүшелері қақпақтың қауіпті аймағында болмауы керек.
- Қақпақты жабу үшін қақпақты үстінен басыңыз.

НҰСҚАУ

Қақпақты сарт етіп жабудан құрылғының зақымдалуы.

- Қақпақты баяу жабыңыз.
- Қақпақты сарт етіп жаппаңыз.

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

Қақпақты жауып, орнату тақтайшасын сәл төмен итеріңіз.

➡ Қақпақ құлпы қозғалтқыш арқылы жабылады.

[Қақпақ] түймесі жанады.

„Қақпақ жабық“ индикаторы пайда болады.

6.2 Роторды бөлшектеу және құрастыру


Роторды қыспа сомын арқылы бөлшектеу

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

1. Қақпақты ашу.
2. Роторды қыспа сомынын жеткізілім жиынтығындағы кілтпен босатыңыз.

   ➡ Көтерудің қысым нүктесінен өткеннен кейін, ротор қозғалтқыш білігінің (*2*) конусынан ажыратылады.
3. Қыспа сомынды, роторды қозғалтқыш білігінен көтеру мүмкін болғанша бұраңыз.
4. Роторды алып тастаңыз.



Сур. 28: Роторды құрастыру және бөлшектеу

1 Ойық
2 Қозғалтқыш білігі
3 Істік
4 Саңылау

Роторды қыспа сомын арқылы құрастыру

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

Қақпақ ашылған.

1. Қозғалтқыш білігін (*2*) және ротордың саңылауын (*4*) тазалаңыз.
2. Қозғалтқыш білігін (*2*) сәл майлаңыз, қараңыз: ➦ *Тарау 8.2 „Тазалау және зарарсыздандыру бойынша нұсқаулар“ мына бетте 44.*
3. Роторды қозғалтқыш білігіне (*2*) тігінен қойыңыз.

   Қозғалтқыш білігінің істігі (*3*) ротор ойығында (*1*) орналасуы керек. Роторда ойық бағдары белгіленген.
4. Ротордың қыспа сомынын жеткізілім жиынтығындағы кілтпен берік тартыңыз.
5. Ротордың берік бекітілгенін тексеріңіз.

6.3 Ілмені енгізу және шығару

Ілмені енгізу


НҰСҚАУ


Роторға қате жүк тиеуден пайда болған теңгерімсіздіктен құрылғыдағы зақымдар.

- Стақандары еркін ілінген роторлардың барлық бос орындарына бірдей ілмелер тиеңіз.

Ротор бос орнының нөмірімен белгіленген ілмелерді тек сол жерге енгізу керек.

Жинақ нөмірімен белгіленген ілмелерді тек бірге пайдалану керек.






1. Ротордың берік бекітілгенін тексеріңіз.
2. Тіреуіш шетмойынды (3) майлаңыз.
3. Ілмені (1) ротор ішіне үстінен енгізіңіз. Тіреуіш шетмойындар (3) ойықтардың (2) ішінде орналасуы керек.
4. Ілмені (1) төмен қарай тірелгенше жылжытыңыз.


Ілмені шығару

→ Ілмені (1) ротордан тігінен жоғары қарай тартып шығарыңыз.

6.4 Адаптерді енгізу және шығару

Адаптер





енгізу

→ Адаптерді (1) жоғарғы жақтан ілме (2) ішіне тігінен енгізіңіз.

шығару

→ Адаптерді (1) ілмеден (2) тігінен жоғары қарай тартып шығарыңыз.

6.5 Тиеу

Центрифугалау түтікшелерін толтыру

ЕСКЕРТУ

Ластанған сынама материалынан жарақат алу қаупі бар.

Центрифугалау барысында сынама түтікшесінен ластанған сынама материалы шығады.

- Қауіпті заттектер үшін арнайы бұрандалы қақпақтары бар центрифугалау түтікшелерін пайдаланыңыз.
- 3-ші және 4-ші қауіп-қатер тобына жататын материалдар үшін жабылатын центрифугалау түтікшелеріне қоса биоқауіпсіздік жүйесін пайдаланыңыз (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Laboratory Biosafety Manual» нұсқаулығын қараңыз).

НҰСҚАУ

Қатты тот басқыш заттектерден құрылғының зақымдалуы.

Қатты тот басқыш заттектер роторлар, ілмелер мен керек-жарақтардың механикалық беріктігін бұзуы мүмкін.

- Қатты тот басқыш заттектерді центрифугалауға болмайды.

Шыныдан жасалған стандартты центрифугалау түтікшелерінің максималды толтыру көлемі: RZB 4000 (DIN 58970 2-бөлімі).

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

→ Центрифугалау түтікшелерін центрифугадан тыс толтырыңыз.

Өндіруші көрсеткен центрифугалау түтікшелерінің максималды толтыру мөлшерінен асыруға болмайды.


Бұрыштық роторлар жағдайында центрифугалау түтікшелерін, центрифугалау процесінің барысында түтікшелерден сұйықтық шашырамайтындай мөлшерде ғана толтыруға болады.

Центрифугалау түтікшелерінің ішіндегі салмақ айырмашылықтарын барынша азайту үшін, түтікшелердегі біркелкі толтыру биіктігіне назар аудару керек.

Стақандары еркін ілінген роторларға тиеу

Персонал:

- Білікті пайдаланушы



1. Ротордың берік бекітілгенін тексеріңіз.
2. Центрифугалау түтікшелері ротордың барлық бос орындары бойынша симметриялы және біркелкі түрде үлестірілуі керек.

   Әр ротордa рұқсат етілген толтыру мөлшерінің салмағы көрсетілген. Бұл салмақтан асыруға болмайды.

   Центрифугалау процесінің барысында ілмелерді салу және ілмелерді теңселту кезінде, сұйықтық ілмелерге және айналдыру камерасына түспеуі керек.

   Резеңке төсемдері бар резервуарларда центрифугалау түтікшелерінің астында әрдайым резеңке төсемдердің бірдей саны болуы керек.

   Ротордың барлық бос орындарына бірдей ілмелер орналастыру керек. Белгілі бір ілмелер ротор бос орнының нөмірімен белгіленген. Ілмелерді ротордың сәйкес бос орнына ғана енгізу керек.

   Жинақ нөмірімен белгіленген ілмелерді (мысалы, S001/4) тек бір жинақта пайдалану керек.


Қан пакеттерін пайдаланған кезде мынаны ескеріңіз:

1. Егер ілмелер бірдей салмақпен толтырылмаған болса, айырмашылықты теңестіргіш жүктер арқылы өтеуге болады.
2. Қолжетімді қан пакеттерінің жүйелері роторды толықтай толтыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, бос ілмелерді теңестіргіш ендірмелермен жабдықтауға болады.
3. Қажет болса, дәлдеп реттеу әрекеті жеткізілім жиынтығындағы үйлестіруші жүктермен жүзеге асырылады.

Бұрыштық роторларға тиеу

Персонал:

- Білікті пайдаланушы



1. Ротордың берік бекітілгенін тексеріңіз.
2. Центрифугалау түтікшелері ротордың барлық бос орындары бойынша біркелкі түрде үлестірілуі керек.

   Роторға тиеу кезінде, сұйықтық роторға және айналдыру камерасына түспеуі керек.

   Ротор жағдайында центрифугалау түтікшелерін, центрифугалау процесінің барысында түтікшелерден сұйықтық шашырамайтындай мөлшерде ғана толтыруға болады.

   Әр роторда рұқсат етілген толтыру мөлшерінің салмағы көрсетілген. Бұл салмақтан асыруға болмайды.

6.6 Биоқауіпсіздік жүйесін ашу және жабу

6.6.1 Мағынасы

Улағыш, радиоактивті немесе патогенді микроағзалармен зақымдалған қауіпті заттектерді немесе заттектердің қоспаларын центрифугалау кезінде пайдаланушы тиісті шаралар қолдануы керек.

Негізінен қауіпті заттектерге арналған арнайы бұрандалы қақпақтары бар центрифугалау түтікшелерін пайдалану керек.

3-ші және 4-ші қауіп-қатер тобына жататын материалдар үшін жабылатын центрифугалау түтікшелеріне қоса биоқауіпсіздік жүйесін пайдалану керек (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Laboratory Bio-safety Manual» нұсқаулығын қараңыз).

Биоқауіпсіздік жүйесінде биотығыздауыш (тығыздауыш сақина) тамшы мен аэрозольдердің жылыстауына жол бермейді.

Егер биоқауіпсіздік жүйесінің ілмесі қақпақсыз пайдаланылса, центрифугалау процесінің барысында тығыздауыш сақинаның зақымдалуына жол бермеу үшін тығыздауыш сақинаны ілмеден алып тастау керек.


Зақымдалған биоқауіпсіздік жүйелері бұдан былай микробиологиялық тұрғыдан саңылаусыз болмайды.

Биоқауіпсіздік жүйесі пайдаланылмаған жағдайда, центрифуга EN / IEC 61010-2-020 стандарты бойынша микробиологиялық тұрғыдан саңылаусыз болып есептелмейді.

Биоқауіпсіздік жүйелерін сақтау

Сақтау кезінде тығыздауыш сақиналардың зақымдалуына жол бермеу үшін биоқауіпсіздік жүйелерін ашық қақпақпен ғана сақтау керек.

6.6.2 Қыспа жапқышы бар қақпақ



Сур. 29: Биоқауіпсіздік жүйесі

Жабу

1. Қақпақты орнатыңыз.
2. Екі қысқа қапсырманы, олар ілме ысырмаларының астында орналасқанша, төмен қайырыңыз.


Ашу

1. Екі қысқа қапсырманы, олар ілме ысырмаларының үстінде орналасқанша, жоғары қайырыңыз.
2. Қақпақты ротордан алып тастаңыз.

6.7 HettLiner қаптау нұсқаулығы

Центрифугалау алдында қаптау

Ендірмелерді салу және шығару кезінде пластик ендірменің аударылмауын қадағалаңыз (қажет болса, 4509 жүктегіш құралын пайдаланыңыз).



1. Қан пакетін (1) ендірмеге (2) салыңыз.



2. Қан пакетін жалғағыштарынан (1) ұстап, тіреуіш тақтаны (2) қан пакетінің сыртқы жағында жоғарғы жақтан төменгі жаққа ендірмеге кіргізіңіз.

   Бұл ретте тіреуіш тақтаның астыңғы жиегі жермен толықтай жанасып тұрғанына көз жеткізіңіз.



3. Тіреуіш тақтаны сыртқа жинап, оның бүгілген жиегі қан пакетінің сұйықтық деңгейінде болғанша төмен итеріңіз.

   Тіреуіш тақтаның жоғарғы жиегі центрифугалау кезінде ротор қалақтарына қысылып қалуын болдырмау үшін ендірмеден тым қатты шығып тұрмауы керек.

   Центрифугалаудан кейін ілмекке (1) қол жеткізу мүмкін болуы үшін, оның күйіне назар аударыңыз.

4. Мүмкін болса, бос қосалқы пакеттерді жинап, сәйкес керек-жарақка және қан пакетінің толтыру көлеміне байланысты әртүрлі қаптаңыз. Қосалқы пакеттерді жинап, жиналған тіреуіш тақта мен сыртқы ендірме қабырғасының арасында сырттай қаптаған жөн.

   Силикон пластинаның сырғымауын қадағалаңыз.

   Қажет болса, қосалқы пакетті қаптау кезінде силикон пластинаны ілмегінен ұстап тұруға болады.

   Ілмек күйін кейін тексеріп шығу керек.

5. Жалғағыштарды тіреуіш тақтаның үстіне клапандар сынбайтындай орналастырыңыз.

   Бұл ретте ілмектердің ендірмеден шығып тұрмауын қадағалаңыз.

   Ендірме жиегінен шығып тұрған шланг бөліктерін жиналған тіреуіш тақта мен ендірме қабырғасының арасында орналастырыңыз.

6. Қажет болғанда, жиналған тіреуіш тақта мен стакан қабырғасының арасында теңестіргіш жүктер орналастыру керек.

Центрифугалағаннан кейін қаптамадан шығару

1. Қосалқы пакеттерді ендірмеден тартып шығарыңыз, дәл сол уақытта силикон пластинаны бір қолыңызбен бекітіп алыңыз.
2. Тіреуіш тақтаның жиналған бөлігін арнайы ілмегінен баяу тартып шығарыңыз.

   Тіреуіш тақтаны абайлап өзінің бастапқы пішініне қайтарыңыз. Тіреуіш тақтаның жиналған бөлігі кері секіруі және қан компоненттерін араластыруы мүмкін.
3. Қалған қан пакетін таңдамалы түрде тіреуіш тақтамен бірге немесе тіреуіш тақтаны алып тастағаннан кейін ендірмеден шығарыңыз.

6.8 Центрифугалау

6.8.1 Үздіксіз жұмыс режимінде центрифугалау

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

1. *[t]* түймесін, *„t/min:“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. Айналмалы бастиектің көмегімен 0 мәнін таңдаңыз.
3. *[t]* түймесін, *„t/ :sec“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
4. Айналмалы бастиектің көмегімен 0 мәнін таңдаңыз.

   ➡ Енгізу өрісінде *„---:--“* көрсетіледі.
5. *[START]* түймесін басыңыз.

   ➡ Центрифугалау процесі басталады.

   Ротор айналған кезде, *„Айналу“* индикаторы жанып тұрады.

   Уақыт есебі 00:00-ден басталады.

   Центрифугалау процесінің барысында ротордың айналу жиілігі немесе одан пайда болатын RCF мәні, айналдыру камерасындағы температура және өтіп кеткен уақыт көрсетіледі.
6. Центрифугалау процесін тоқтату үшін *[STOP]* түймесін басыңыз.

   Тоқтау әрекеті реттелген тоқтау параметрлерімен іске асырылады.

   ➡ *„OPEN OEFFNEN“* көрсетіледі.

6.8.2 Уақытты алдын ала таңдау арқылы центрифугалау

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

1. *[t]* түймесін, *„t/min:“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.
3. *[t]* түймесін, *„t/ :sec“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
4. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.

5. *[START]* түймесін басыңыз.
   ➡ Центрифугалау процесі басталады.
   Ротор айналған кезде, *„Айналу“* индикаторы жанып тұрады.
   Центрифугалау процесінің барысында ротордың айналу жиілігі немесе одан пайда болатын RCF мәні, айналдыру камерасындағы температура және қалған уақыт көрсетіледі.
6. Уақыт өтіп кеткеннен кейін немесе центрифугалау процесін *[STOP]* түймесін басу арқылы тоқтатқан жағдайда, тоқтау әрекеті таңдалған тоқтау параметрлерімен іске асырылады.
   ➡ *„OPEN OEFFNEN“* көрсетіледі.

6.8.3 Центрифугалау барысында реттеулерді өзгерту

Жұмыс уақытын, айналу жиілігін, салыстырмалы центрифугалық үдеуді (RCF/RZB), іске қосу және тоқтау параметрлерін, сондай-ақ температураны (тек суыту жүйесі бар құрылғыда) центрифугалау барысында өзгертуге болады.

Параметрлерді тек бір-бірден және бірінен кейін бірі өзгертуге болады.

1. Қажетті параметрдің мәнін *[Айналмалы тұтқа]* арқылы өзгерту
2. *[START]* түймесін басыңыз.
   ➡ Орындалып жатқан бағдарламаның мәндері *„----“* бағдарлама слотына көшіріліп, өзгертілген мәнмен жаңартылады.
   Бастапқы бағдарлама үстінен жазу орындалмайды.

6.9 Жылдам тоқтату функциясы

Персонал:

- Білікті пайдаланушы

[STOP] түймесін екі рет басыңыз.
➡ *„STOP“* индикаторы жыпылықтайды.
«R9» тежеу деңгейімен тоқтау (ең қысқа тоқтау уақыты) көрсетіліп, орындалады.
«R0» тежеу деңгейі таңдалған болса, тоқтау уақыты да техникалық тұрғыдан «R9» тежеу деңгейіндегіден ұзақ болады.

7 Бағдарламалық жасақтаманы басқару

7.1 Кілт ажыратқышы

Кілттерді рұқсатсыз қол жеткізуден қорғап сақтаңыз.

Кілт позициясы	Функция
Сол жақ кілт позициясы	*„LOCK 1“* көрсетіледі. Бағдарламаларды шақыруға ғана болады, ал өзгерту мүмкін емес.
Оң жақ кілт позициясы	*„LOCK 2“* көрсетіледі. Ешқандай бағдарламаларды шақыру және өзгерту мүмкін емес.
Ортаңғы кілт позициясы	Күй индикациясы жоқ. Бағдарлама құлыптанбаған. Бағдарламаларды шақыруға және өзгертуге болады.

7.2 Центрифугалау параметрлері

7.2.1 Іске қосу және тоқтау параметрлері



Реттелген іске қосу және тоқтау параметрлері көрсетіледі.

x: 1-9 = іске қосу деңгейі, t = іске қосу уақыты

y: R1-R9, B1-B9 = тежеу деңгейі, R0 = тежеусіз тоқтау, t = тоқтау уақыты, n(•) = тежегішті өшірудің айналу жиілігі

Іске қосу деңгейі

1. *[Іске қосу параметрлері]* түймесін, *„Іске қосу деңгейі“* параметрі немесе *„Іске қосу уақыты“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті деңгейді реттеңіз.

Іске қосу уақыты

1. *[Іске қосу параметрлері]* түймесін, *„Іске қосу уақыты мин:сек“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті деңгейді реттеңіз.

Жұмыс уақытынан ұзақ іске қосу уақыты реттелсе, центрифугалау процесі реттелген айналу жиілігіне жетпей аяқталады.

Тежеу деңгейі

1. *[Тоқтау параметрлері]* түймесін, *„Тоқтау деңгейі“* параметрі немесе *„Тоқтау уақыты“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті деңгейді реттеңіз.

B тежеу деңгейлерін тек арнайы роторларда реттеуге болады.

Тоқтау уақыты

Тежегішті өшірудің айналу жиілігі реттелген болса, тоқтау уақытын реттеу мүмкін емес.

1. *[Тоқтау параметрлері]* түймесін, *„Тоқтау уақыты мин:сек“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті деңгейді реттеңіз.

Тежегішті өшірудің айналу жиілігі

1. *[Тоқтау параметрлері]* түймесін, *„n(•)/RPM“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті деңгейді реттеңіз.

7.2.2 Жұмыс уақыты

Үздіксіз жұмыс режимі үшін минуттар мен секундтарды нөлге орнату керек.

Үздіксіз жұмыс режимі индикаторда „---:--“ белгісімен көрсетіледі.

1. *[t]* түймесін, *„t/min:“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.
3. *[t]* түймесін, *„t/ :sec“* параметрінің енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
4. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.

7.2.3 Айналу жиілігі, RPM

1. *[n]* түймесін, *„RPM“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.

2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.

Ротордың максималды айналу жиілігінің индикаторы

1. *[n]* түймесін, *„RPM“* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[n]* түймесін басып тұрыңыз.
   ➡ Ротордың максималды айналу жиілігі (n-max-Rotor) көрсетіледі.

7.2.4 Интегралды RCF

Интегралды RCF – тұндыру әсерінің өлшемі (∫ n^2 dt). Мән центрифугалау процестерін теңестіру үшін қолданылады.

[Интегралды RCF] түймесін басып тұрыңыз.
➡ *„Интегралды RCF“* көрсетіледі.

7.2.5 Температура

1. *[Температура және центрифугалау радиусы]* түймесін, *„T/C° “* параметрі көрсетілгенше және енгізу өрісі қара фонға айналғанша басыңыз.
2. *[Айналмалы тұтқа]* арқылы қажетті мәнді орнатыңыз.

